

# Отбасы және бала тәрбиесі

## *“Мен кіммін?” тренинг*

*Алақан суретін салу. Ортасына*

*“Мен кіммін?” деп жазып,*

*әр саусақ тұсына өзінің*

*кім екенін жазып көрсету.*

*Жазғандарын оқыту*

# *Мақал-мәтелдер*

*1.Әкеден-ақыл, анадан - мейір.*

*2.Мейірімі мол ананың,  
Жүрегі жылы, қолы кең.*

*Кең пейілді атаның,  
Жүзі жылы, жолы кең.*


*3.Есер баладан да ерке бала жаман.*

*4.Ата көрген оқ жоңар,  
Шеше көрген тон пішер.*

# Баяндама. “Халық айтса, қалт айтпайды”

Отбасы- бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі. Бұл тәрбие барысында ата-аналар баласының күнделікті өмірі мен ісіне басшылық жасайды. Оларды рухани және еңбек дәстүрлері рухында тәрбиелейді.

Қазақ отбасы үш буыннан құралады.



**Күнделікті өмірде тәрбие құралдары: қанатты сөздер, ойындар, мақал-мәтелдер, т.б. ауыз әдебиет үлгілерін пайдалануда, ырым-тыйым сөздер арқылы жас ұрпағын ойшылдыққа, әдептілікке, адалдыққа, батылдыққа, әдемілікке, сезімталдыққа т.б. қасиеттерге баулыған. Ұлтының рухани қорына үлес қосқан, тәрбиенің тіршілігіне жетелейтін ғажап дүниенің түйінін айтқан**

**Т. Иманбеков ағамыздың қорқатын 3 нәрсесі бар:**

Бесік жырын айтатын  
келіндердің азайып бара  
жатқанынан

Немерелеріне ертегі  
айтып  
бере алмайтын әжелердің  
көбейіп бара жатқанынан

Дәстүрді сыйламайтын  
балалардың өсіп келе  
жатқанынан

# **Халқымыздың ұлттық педагогикасы**

**Ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше.**

**Жас жеткіншектерді есті, адал, еңбекқор, парасатты болсын деген үмітпен ата-баба тәлім –тәрбиесін әрқашан мұра тұтып келген және оны талап етіп отырған.Ұрпағын жаман әдеттерден жирендіріп, жақсылыққа жетелеп, өсиет сөздерін бойына ұялатып отырған.Жас кезінен ұрпағын “тек” деп өсірген халқымыз теріс қылық мінезге де тыйым салған.Сол ырым мен тыйым сөздер балалық шақтан жігіттікке жеткенде, үйленіп,үйлі –баранды болғанда да ереже тәрізді.**

# **Ырым – тыйым сөздер:**

**Жас балаға бұғана ұстатпаған**

**Бос бесікті шайқама**

**Ыдыстағы суға аузыңды малма**

**Жақын адамға мылтық, пышақ сыйлама**

**Жақын адамнан иттің күшігін алма**

**Мойныңа белбеу салма**

**Бетіңді баспа**

**Отқа түкірме**

**Ақты төкпе**

## **Оларды жат қылықтардан**

**жиіркендіру, азғындық жолға түсуден сақтандыратын тәрбиелік үрдістер үнемі байқаусызда іске асырылады. Тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетінің тікелей қатысты түрлерін кірістіру. Халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбиесі үлкенді сыйлау, адамгершілік үрдістері, ойындағы пікірін мақал-мәтелмен айту, тура, тіке сөйлемей, сипсттай айту, астарлап айту, болмаса үндемей құтылу, үлкендер әңгімесіне, ісіне кіріспеу, отбасы берекесі күнделікті өмірде жүзеге асырылып отырған. Ал ұрпақ тазалығына келсек, жеті атаға дейін қыз алып, қыз бермеу, жетімін қаңғыртпау, қыз баланы ерекше қадірлеу, ұлдарын шыңдау, өнер иелерін қанаттандыру - осының бәрі халықтың қамын ойлаған ұлт болғанымыздың дәлелі.**

# **Ұлттық педагогикада бала тәрбиесі туралы**

**1.Әдептілікке үйрету**

**2.Мейірімді болуға**

**3.Тіл алғыш, елгезек болуға**

**4.Адалдық пен шыншылдыққа**

**5.Білгір бол, көпті көрген қарияны тыңдауға**

**6.Ата-ананы, үлкенді сыйлауға**

**7.Кісі айыбын бетіне баспа,ол ғаріп кісілердің, табиғи кемдігін айтпа,көрсетпе**

**8.Ел қорғаны бол,халқыңа қызмет ет,бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді.**

# ***Балаңыздың қандай іс -әрекеті***

***қуантады***

***күйзелтеді***

# **Ата –аналарға арналған өсиет**

- Балаңыздың дәл өзіңіздей немесе ойдағыдай болғанын күтпеңіз. Оған өзін-өзін тануға, қабілеттерін дамытуға көмектесіңіз.**
- Ашу ызаңыздың барлығын балаңыздан алмаңыз. Қаталдық пен қатыгездіктің арасын дұрыс түсініңіз. ”Не ексең, соны орасың” мақалын үнемі жадыңызда ұстаңыз.**
  - Балаңыздың проблемасына жоғарыдан қарамаңыз. Өмір ауыртпалығы әркімге өз деңгейінде берілген. Бала ауыртпалығы өз шамасына лайық.**
  - Ешқашан кемістушілікке жол бермеңіз.**
- Өз балаңызды қандай болса да сүйе біліңіз.**
  - Баламен қарым-қатынаста**

**О. Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектептің 2 « В»  
сынып оқушыларының ІІ тоқсан бойынша оқу  
үлгірімі туралы мәлімет.  
2008/2009 оқу жылы**

**Барлығы: 22 оқушы. Ұлы: 16. Қызы:6.**

**Үздіктер:**

- 1.Бердібаева Жанат**
- 2.Бисенбаева Айгерім**
- 3.Жетпісбаев Ерасыл**
- 4.Несіпбеков Арман**
- 5.Тасболатов Мұхтархан**

**Екпінділер:**

- 1.Бахытов Меңдулла**
- 2. Қайржанұлы  
Нұрдәулет**
- 3.Бердібаев Жомарт**
- 4.Болатбек Аружан**
- 5.Сағат Дидар**
- 6.Умирзакова Айдана**
- 7.Серіков Ермахан**

**Сынып жетекшісі :**

**Тоқшылықова Зәмзәгүл**

# II тоқсан бойынша 2"В" сынып бойынша үлгерім мониторингі

